

Ауыл шаруашылығы ұйымдарында салық төлеудің жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 16 сәуір N 420

Жекелеген ауыл шаруашылығы ұйымдарын қаржылай сауықтыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің және Ауыл шаруашылығы министрлігінің екінші топқа жатқызылған және қаржылай оңалту мен санациялау рәсімі жүргізілуге тиіс жекелеген ауыл шаруашылығы ұйымдарының бюджетке салық төлеу мерзімін заңдарда белгіленген тәртіппен 1999 жылдың 15 желтоқсанына дейін ұзарту туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары - Ауыл шаруашылығы министрі

Ж.С.Кәрібжановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Омарбекова А.Т.